Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Филология факультеті
Қазақ тіл білімі кафедрасы

Мамаева Гүлнар Бейсенқызы
Филология ғылымының кандидаты,қауымдастырылған профессор

**Пән атауы: Емле және сөз сазы**

# 6-дәріс тақырыбы: Жаңа әліп-биге сай жаңа емле

Қарастырылатын мәселелер:

1. Жалпы орфографиялық ереженің басты ұстанымы
2. Емле ережесі сауаттылық кепілі

ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен 2017 жылы қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жұмыстары басталды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылғы 21 қазанда латын графикасы негізінде қазақ тілі әліпбиін жетілдіру жөніндегі тапсырма берді

## Қандай шаралар жүзеге асырылды?

- 40-тан астам нұсқа ұсынылды
- қазақ тілінің емле ережелерінің жобалары құрастырылды
- пернетақтадағы әріптердің орналасу тәртібі қаралды

## ЖАҢА ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІ

| № | латынша | кирилше | әріптің атауы | № | латынша | кирилше | әріптің атауы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | A a | А а | *а* | 18 | O o | О о | *о* |
| 2 | Ä ä | Әә | *ә* | 19 | Ö ö | Ө ө | *ө* |
| 3 | B b | Б б | *бы* | 20 | P p | П п | *пы* |
| 4 | D d | Д д | *ды* | 21 | Q q | Ққ | *қы* |
| 5 | E e | Е е | *е* | 22 | R r | Р р | *ыр* |
| 6 | F f | Ф ф | *фы* | 23 | S s | С с | *сы* |
| 7 | G g | Г г | *гі* | 24 | Ş ş | Ш ш | *шы* |
| 8 | Ğ ğ | Ғғ | *ғы* | 25 | T t | Т т | *ты* |
| 9 | H h | Х х, Һ һ | *һы* | 26 | U u | У у | *ұу* |
| 10 | İi | Й й, И и | *ій* | 27 | Ū ū | Ұ ұ | *ұ* |
| 11 | Iı | І і | *і* | 28 | Ü ü | Үү | *ү* |
| 12 | J j | Ж ж | *жы* | 29 | V v | В в | *вы* |
| 13 | K k | К к | *кі* | 30 | Y y | Ы ы | *ы* |
| 14 | L l | Л л | *ыл* | 31 | Z z | З з | *зы* |
| 15 | M m | М м | *мы* | | | | |
| 16 | N n | Н н | *ны* | | | | |
| 17 | Ŋ ŋ | Ңң | *ың* | | | | |

*C, X, W таңбалары цитаталық принциппен жазылатын шеттілдік сөздерде қолданылады.

1. *Жетілдірілген әліпбиде әріп саны – 31*
2. *Әліпби тек латын әліпбиі базалық жүйесі таңбаларынан құралған.*
3. *Әліпбиде қазақ тілінің 28 дыбысы толық қамтылған*
4. *Қазіргі ә(ä), ө(ö), ү(ü), ұ(ū) және ғ(ğ), ш(ş) қазақ әріптері диакритикалық таңбалармен берілген.*

# Бұл әліпби нұсқасының бұрынырақ ұсынған әліпби нұсқаларынан айырмашылығы

*қазақ тіліне тән жіңішке дауысты дыбыстарды беру үшін екі нүкте (умлаут) белгісі қойылады*

*жуан дауысты дыбысты беру үшін сызық белгісі қойылатын болды.*

# Әліп-бидегі өзгеріс

Жіңішке дауыстылар үшін:

Әә=Ää ---- Өө=Öö ---- Үү=Üü

Жуан дауысты үшін:

Ұұ=Ūū

Дауыссыз дыбыстарды беру үшін мынадай өзгерістер жасалды:

- Ңң=Ŋŋ
- Іі=Iı
- Ии/Йй=İi
- Шш=Şş



*Реформа бір ғана әліпби ауыстырумен шектелмейді. Реформа үш мәселені – дыбыс, әліпби және еміле-ереже – бәрін бірдей қамтиды: дыбыс – өзге тілдерден бөлектеп тұратын тілдің тұрпаттұрқы; әліпби – сол дыбыстың қауызы, басқаша айтқанда, қорғаны мен оққағары; еміле-ереже – дыбыстардың басын біріктіріп, сөз құрап тұратын дәнекері. Осы үш мәселе бір-бірімен байланысты және қатар шешілмей төл жазу қалыптаспайды.*

**Әлімхан Жүнісбек**
фонетика бөлімінің бас ғылыми қызметкері,
филология ғылымдарының докторы, профессор.

# ЖАҢА ЕМЛЕ ЕРЕЖЕСІ

Латын негізді жаңа емле ережесінің 20-параграфында «Түбір сөздің соңындағы k, q, p дауыссыздары тәуелдік жалғауындағы сөзге және түбір сөзге етістіктің -а, -е, -ı көсемше жұрнағы жалғанғанда, g, ǵ, b немесе ý болып өзгерген түрінде жазылады:

**júrek – júregi, súıek – súıegi, kúrek – kúregi**

Жаңа емле ережесінде енді -лық қосымшасымен келгенде бірге жазылады: • urdajyqtyq, astatóktik күрделі сөздері қосымшасыз келгенде бөлек жазылады: Мысалы: •

**as ta tók, ur da jyq**

Жаңа емле ережесінде көмекші есімдермен тіркесіп, атаулық мағынаға ие болған сөздер бірге жазылады:

**saılaýaldy naýqan, mektepaldy top, tilarty dybysy, sózaldy syńary**

# Шеттілдік сөздердің емле мәлелері

«Еш, әр, кей, бір, қай, әлде сөздері зат есімдермен тіркескенде, бөлек жазылады:
• esh adam; ár el, ár ata-ana; keı bala

«Еш, әр, кей, бір, қай, қайсы, әлде сөздерімен келген есімдіктер, сын есімдер, үстеулер түбір тұлғалары өзгертілмей, бірге жазылаы: • eshkim, eshbir

Ц әрпінің жаңа әліпбиімізде қабылданбауымен байланысты да бірқатар дау туып отыр. Мысалы, емле ережесінде бұл дыбыс бірде ts, бірде s түрінде таңбаланғалы отыр: • ts (pitsa, Nitsa) • s (konstıtýsıa, korporasıa)

# Шеттілдік сөздердің емле мәлелері

Ендігі жаңа емле ережемізде енді Ё әрпі жоқ болғандықтан кірме сөздерде кездесетін Ё таңбасы е әрпімен таңбаланады. Мысалы: • manevr brýselez

Ю әрпі төл сөздерде және шеттілдік сөздің басында ıý әріп тіркесімен: [ 2,19]. • aıý, oıý, Iýpiter, Iýrmala түрінде таңбаланса, ал шеттілдік сөздердің ортасында ý арқылы таңбаланады: • parashýt, absalýt, glýkoza, debýt

## Пайдаланылған әдебиеттер:


1. Қазақ тіл білімінің мәселелері – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2018. – 368 б.
2. Қазақ емлесінің негізгі ережелері. Жоба. Алматы, 2018.-21 б.
3. Қалиев Б. Қазақ тілі орфографиялық сөздігінің 6-шы басылымы жөнінде/ Емле.kz
4. Қалыбаева Қ. ЛАТЫННЕГІЗДІ ЖАҢА ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ ЕМЛЕ ЕРЕЖЕСІНДЕГІ ЖАҢАШЫЛДЫҚТАР/ Латын әліпбиі: теория, әдістеме және насихат. – Нұр-Сұлтан: «Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» КеАҚ, 2019. – 280 б.